



БҰЙРЫҚ

02.08.2028

Шахтинск қаласы

ПРИКАЗ

№ 240

город Шахтинск

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасының 2015 - 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп – лицей директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына: 2024 - 2025 оқу жылына мектепте келесі іс-шараларды ұйымдастырсын:

1.1. Мектептің әр түрлі қажеттіліктеріне оқушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналарынан (немесе басқа заңды өкілдерінен) заңсыз ақша жинауды болдырмау.

1.2. Мектептің қызметкерлерінен заңсыз ақша қаражаттарын жинауды болдырмау (соның ішінде олардың келісімінсіз жалақыларын ұстап қалуды)

1.3. Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалардың үндеулерін қарау тәртібі туралы заңнамасын бұзуды болдырмау.

1.4. Оқушылар мен тәрбиеленушілерге мемлекеттік жалпы білім беру стандарт білім аумағына ақылы білім беру негізін болдырмау.

1.5. Ақылы білім беру қызметін жүзеге асыру арқылы алынған қаржы, қаражаттарын, сонымен қатар демеулік және жәрдемге берілген қаржы қаражаттарын сәйкес есептеуге енгізу.

1.6. Демеулік және жәрдемге берілген материалдық қаражаттарын кіріске енгізуді қамтамасыз ету.

1.7. Ақылы білім беру қызметін жүзеге асыру арқылы алынған қаржы қаражаттарын, сонымен қатар демеулік және жәрдемге берілген қаржы қаражаттарын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес пайдалану.

1.8. Бюджеттік заңнамасы мен мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзуды болдырмау.

1.9. Бюджеттік құжаттарды жөнсіз қолдануға жол бермеу.

004744

1.10. Мектепте жеке мерекелерді (мерейтойлар, туған күндер, тойлар мен басқа мерекелерді) өткізуді болдырмау.

1.11. Мектептегі бөлмелерді заңсыз жалға беруді болдырмау.

1.12. Балаларды даярлық тобына, мектептерге қабылдау кезінде қабылдаудың типтік ережелерін, мемлекеттік қызмет стандарттары мен білім беру мекемесінің жарғысын есепке алу.

1.13. Мектептегі оқушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналарына (немесе заңды өкілдеріне) көрінетін жерге ақылы қызметпен қамтамасыз ету тәртібі, мақсаты төлемдер мен жәрдем етуге шақыру тәртібі, қосымша қаржы қаражатын заңға қайшы іс-әрекеттер арқылы шақырудың шағымдау туралы толық және объективті ақпараттарды орналастыруды қамтамасыз ету.

1.14. Ақылы қызметті ұйымдастыру барысында еркіндік ережелерін сақтау.

1.15. Мектеп оқушылары мен тәрбиеленушілердің ата-аналарына (немесе оның заңды өкілдеріне) ақша қаражаттары сұрақтары бойынша «сенім телефоны» тұрақты қызметін ұйымдастыру.

1.16. Кіші субъект және орташа кәсіпкерлік қызметінің араласу фактін болдырмау бойынша шаралар қолдану.

1.17. Білім беру мекемелеріндегі оқушылар мен тәрбиеленушілердің ата-анасына (немесе оның заңды өкілдеріне) осы бұйрықты таныстырып жеткізу.

1.18. Осы бұйрықты бұзған қызметкерлерге Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жазаларды қолдану.

2. 2024 жылғы 02 қыркүйегіндегі № 217 бұйрықтың күші жойылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуы жауапкершілігі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Мухаметжановаға жүктелсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын өз міндетіме аламын.

Негіздеме: Қазақстан Республикасының 2015 - 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары

Директор



М.Аккулова